## Орал қаласы білім беру бөлімінің №25 ЖОББ мектеп педагог-психологтарының 2024-2025ж. жылдық есебі

| Аты-жөні; туған күні, айы, жылы | Білімі, оқу орны, жылы | Диплом бойынша мамандағы | Жалпы еңбек өтілі | Маман ретінде еңбек өтілі | Осы мектептегі еңбек өтілі | Санаты педагог ретінде | Оқушы саны әр маманға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ахметкалиева Г.С. 03.07.1987 ж. | Жоғары КНК 2011ж | Педагог-психолог | 10 | 9 | 2 | - | 1-11 сыныптар 686 |
| Курмангалиева С.С 27.04.1992ж | Жоғары 2015ж | Педагог-психолог | 13 | 9 | 2 | Екінші (ескі үлгідегі) | 1-11 сыныптар 640 |

Мектептегі психологиялық қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 6 сәуіріндегі №130 бұйрығына сәйкес, 25 тамыз 2022 жылғы №377 ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» заңына сәйкес жұмыстанады.

**Психологиялық қызметтің мақсаты** – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға қашықтықтан психологиялық қолдау көрсету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуметін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтармен оқушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата –аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

**Психолог негізгі жұмыс бағыттары**

1. Диагностикалық бағыт

Мақсаты: Оқу мен дамудағы проблемалардың себептерін анықтау мақсатында оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеу; жеке тұлғаның күшті жақтарын, оның өзіндік мүмкіндіктерін, кәсіби және танымдық қызығушылықтарын ерте анықтау.

2. Кеңес беру бағыты

Мақсаты: Білім алушыларға, олардың ата-аналарына және мұғалімдеріне дамудың, әлеуметтенудің, тәрбиелік қиындықтардың, қарым-қатынас мәселелерінің өзекті мәселелерін шешуге көмектесу.

3. Түзету және дамыту бағыты

Сканировано с CamScanner

Мақсаты: Барлық білім алушыларға ПҚ көрсету немесе тиісті мамандарға жолдама беру арқылы түзету және дамытушылық қолдау көрсету үшін жағдай жасау, қолдау.

4. Психологиялық ағарту бағыты

Мақсаты: Білім алушылар мен педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу.

5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты

Мақсаты: ПҚ жұмысына мониторинг жүргізу және талдау, көрнекі материалдарды дайындау, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің сүйемелдеуімен пәнаралық тәсілді әзірлеу және ғылыми әдістемелік жұмысты жүргізу.

Мектептегі психологиялық қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 6 сәуіріндегі №130 бұйрығына сәйкес (16.09. 2021ж № 472 бұйрығының өзгерісі негізінде) жүзеге асырылды.

Ұйымдастырушылық – әдістемелік жоспарда мектептегі педагог-психологтың іс -әрекеті бекітілген жылдық жоспар мен лауазымдық міндеттеріне сай, нақты жалпы мектепішілік жоспарды ескере отырып құрылды. Педагог-психологтың жұмысының негізгі мақсаты болып, оқушылардың психикалық денсаулығын сақтап, толық ақыл-ой дамуына және олардың жеке басын қалыптастыруға қажетті психологиялық жағдайларды қамтамасыз ету, білім беру мекемесінде жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалды қалыптастыру, жас мамандарға және оқушылармен олардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету.

Педагог-психолог жұмысының негізгі бағыты болып келесі тәжірибелік міндеттер анықталды:

– оқушылардың тұлғалық дамуына, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуды қалыптастыруға ықпал ету;

– оқушыларға сәтті әлеуметтенуіне ықпал ету, психологиялық көмек қолын созу;

– әр оқушыға оның психолого-педагогикалық тұлғасын зерттеу негізінде жеке көзқарас;

– білім беру үрдісіне қатысушылармен психодиагностикалық қызметті іске асыру; – оқушылардың мәселелері мен психологялық қиын жағдайды шешу бойынша, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында психокоррекциялық жұмысты іске асыру;

– ата-аналар мен педагогтарға психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда кеңес беру;

- ата-аналармен және оқушылардың сынып жетекшілерімен үнемі үздіксіз байланыста болу.

– педагогтардың психолого-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Оқушыларды психолого-педагогикалық қолдау жүйесін іске асыруда білім беру үрдісінің барлық субъектілері: оқушылар, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, педагог-психолог, мектеп әкімшілігі, медициналық қызметкер, әсіресе ата-аналар жұмылдырылды.

**Мектептің психологиялық қызметі дәстүрлі түрде келесі бағыттар бойынша құрылды:**

1. Психодиагностика
2. Түзету –дамыту жұмысы
3. Ағартушылық және психопрофилактикалық қызметі.
4. Кеңес беру жұмысы.
5. Әлеуметтік-диспетчерлік жұмыс.

Жұмыс бағыттары: Алдын алу. Оқушыларды жан–жақты зерттелеу үшін, жаңадан келген оқушылардың іс-қағаздарымен танысып, әңгімелесу, бақылау жұмыстары жүргізілді.

Сканировано с CamScanner

Жалпы ата-аналар жиналысында әр сыныптың ата-аналарына психологиялық жұмыстың маңыздылығына байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ата-аналардан келісім парақтарына қол қойғызылды. Бейімделуге ыңғайлы психологиялық жағдай жасалып мектепке дейінгі кезеңнен бастауышқа, бастауыштан орта буынға өту кезеңі бақылауда болды. Психологиялық қызмет жүйелі түрде ұйымдастырылып, түзету-дамыту қажет оқушылармен түрлі жұмыстар жоспарланды.

Жасөспірімдерге салауатты өмір салтын қалыптастыру психологиялық қолдау, кеңестер беріп, тренингтер оздырылды.Оқушылардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтарына талдау жасау мотивтерін анықтай отырып, алғашқы кәсіби жоспар жасауға көмектесу.

**Диагностикалық бағыт.**

- Мектепке дайындық деңгей бағдары Керна-Йирасека, «Бағдаршам» оқу мотивациясы – 1 сыныптар
- Таным сферасын анықтау: есте сақтау (көру, есту), зейін, ойлау, қабылдау – 1-4 сыныптар
- «Жыныстық қолсұқпаушылық» сауалнама – 2-4, 5-8 сыныптар
- Филипс, Кондаш «Қобалжу» әдістемелері – 4, 5-7 сыныптар
- Кондаш «Қобалжу» әдістемелері – 8-11 сыныптар
- Д.Лампен, Л.П.Пономаренко «Ағаш» әдістемесі – 5, 10 сыныптар
- «Психологиялық климат» сауалнама - 6-7 сыныптар
- СБА (ИСН) сауалнама – 8-11 сыныптар
- Агрессивтік деңгейін диагностикалау:
  «Агрессия белгілері» - 2-5 сыныптар
  Киселева «Агрессия» – 6-7 сыныптар
  Айзенк «Агрессия шкаласы» - 8-11 сыныптар
- Өзін-өзі бағалау деңгейін диагностикалау:
  Кеселева И. «Өзінді-өзің бағалауын қалай?» - 7 сыныптар

Осы әдістемелер жүргізіліп, қорытындыланды.

**Зерттеу нәтижелері өңделіп анықтамалар жазылды. Кейбір зерттеулер жекелеген оқушылармен өткізілді.**

Жыл басында 1 сыныпқа барлығы 133 оқушы қабылданды. Оқушыларға мектепке дайындық және бейімделу бағыттарын анықтайтын зерттеулер жүргізілді. «Мектепке дайындық бағдары Керн Иерасик» , танымдық сферасын анықтау диагностикасы, мектепішілік қобалжу диагностикасы «Түстер» әдістемелері жүргізілді. Зерттеу нәтижесіне анықтама жазылды.

Биылғы жылы 5 сыныптарда барлығы 111 оқушы. 5-ші сыныптардың бейімделуі, өзін-өзі бағалауы, қобалжу деңгейін анықтауға зерттеулер жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың жаңа орта мен жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделудегі ерекшеліктері мен деңгейін зерттеу. Психологтың диагностикалық зерттеуі жалпы психофизикалық дамуына бағытталған. Сонымен қатар, эмоционалды ерік - жігер сферасы, оқу мотивациясы, интеллектісі, таным үрдістері зерттеу нәтижесі бойынша педагогтар мен ата-аналарға ұсыныстар мен жадынамалар таратылды.

Жүргізілген әдістемелер: Оқушылардың әлеуметтік жағдайын, бейімделуін анықтауға бағытталған Лампен Д. бейімдеген Пономаренконың «Ағаш» әдістемесі, таным үрдістерін анықтау, Лусканова Н.Г «Мектеп мотивациясын бағалау, Кондаштың «Мектепшілік қобалжу» тесті және «Агрессия белгілері» әдістемелері.

Оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі. Жаңадан қабылданған оқушылардың ортаға бейімделуі жыл басында қанағаттанарлық деңгейде болса, жыл соңында оқушылар ортаға бейімделіп, бір-бірімен тіл табысып, мектеп тәртібі мен ережесіне жақсы бейімделіп кетті. Жыл бойы

Сканировано с CamScanner

жаңадан қабылданған оқушыларды психологиялық сүйемелдеп, дамыту –түзету тренингтері өткізіліп, сынып жетекшілер мен ата -аналармен тығыз қарым –қатынастар орнатылды.




6,7,8 сынып білім алушыларына қобалжуын анықтауға Филипс әдістемесі, «Тұлғаның психикалық жағдайын бағалауға, агрессиясын анықтау, Ю.И.Киселеваның «Өзіндік бағалау», «Психологиялық климат» және қызығушылықтарын анықтау әдістемелері жүргізілді.

9-11 сынып оқушыларына емтиханға дайындықта өзін-өзі ұйымдастыруы, Кондаш әдістемесі бойынша қобалжуын, стреске қарсы тұру деңгейін анықтау зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері өңделіп сынып жетекшілер, оқушылар мен ата-аналарға қорытындысы бойынша мәліметтер мен кеңестер берілді.

Сканировано с CamScanner

Жүргізілген зерттеу жұмысынан кейін мазасыздану деңгейі 5 көрсеткіш көрсеткен және өзін – өзі бағалауы жоғары оқушылады жеке консультация журналына тіркеп олармен топтық жұмыстар жүргізілді.

8-11 сынып оқушыларына СБА әдістемесі жүргізіліп анықтама жазылды. Депрессивтік деңгейі жоғары оқушылармен жеке консультация, түзете дамыту жұмыстар жоспарланып іске асты.

Консультация барысында проблеманы және оның себептерін диагностикалау, негізінен проективтік әдістерді, диагностикалық сұхбат пен байқауды қолдану арқылы жүргізілді.

Психологиялық диагностика үшін талаптарды қанағаттандыратын диагностикалық әдістердің жиынтығы болды және қиындықтарды бөліп, себептерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл, өз кезегінде, одан әрі даму және консультациялық жұмыстарды жоспарлауға, сондай-ақ қиындықтарды жеңу бойынша ұсынымдар жасауға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Жүргізілген диагностикалық жұмыстарды бағалау, қолда бар техника және өз кәсіби білімі оқушылардың әртүрлі мәселелерін және құқық бұзушылықтарын нақты және толық анықтауға мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады. Дегенмен, болашақта диагностикалық әдістерді диагностикалаудың тиімділігін арттыру үшін толықтырулар қажет.

| № | Барлық зерттелуші | Мазасыздану (832 оқушы) | | | Оқу мотивациясы (310 оқушы) | | | Өзін - өзі бағалауы (559 оқушы) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары | Орташа | төмен | Қалыпты | Орташа | төмен | Жоғары | Адекватты | Төмен |
| 1 | 1326 | 5 | 102 | 708 | 112 | 186 | 12 | 310 | 242 | 0 |

**Кеңес беру бағыты.** Білім алушыларға, олардың ата-аналарына және мұғалімдеріне дамудың, әлеуметтенудің, тәрбиелік қиындықтардың, қарым-қатынас мәселелерінің өзекті мәселелерін шешуге көмектесу барысында кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру жұмыстары жеке кеңес беру журналында тіркелді. Осы 2024-2025 оқу жылында жеке кеңеске жүгінді: 27 ата-ана, 385 оқушы, 29 мұғалім.

Сканировано с CamScanner

Қыркүйекте 1 сынып ата-аналарына оқушыларының бейімделуіне байланысты ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналарға оқушылардың ортаға бейімделуі туралы кеңестер беріліп, тренинг-жаттығулар жүргізілді. Сондай-ақ, 5 сынып ата-аналарына да «5 сынып оқушысы -тек жаңа сатыға өту ғана емес, сонымен бірге, жаңа даму кезеңі – жасөспірімдік шақ» тақырыбында кеңестер берілді.

Жеке кеңеске келген оқушы, ұстаз, ата-анаға ұсыныстар берумен қатар проективті әдістемелер: «Менің отбасым», «Әлемде жоқ жануар», «Жаңбыр астындағы адам» т.с.с. жүргізіліп, «Қуыршақ» терапиясы, «Фото» терапия, әртүрлі арт-терапия түрлері өткізілді. Өздерінің ішіндегі қобалжуды сыртқа шығаруға үлкен ықпалы болды. Оқушылардың тәрбие және даму мәселелері жөнінде педагогтармен және ата–аналарға кеңестер, жадынамалар берілді. Оқушылардың мектеп өміріне дайындау, мазасыздануын алдын алуда кеңес берілді. Ерікті сұраныстары бойынша кеңестер. Сынып жетекшілеріне жеке кеңестер берілді.

Консультациялық процесс әдетте екі кезеңде жүргізілді: а) бастапқы консультациялар - негізгі деректер жиналған және сұрау анықталған; б) кеңес беру - диагностикалық әдістерді пайдалана отырып, объективті ақпарат алу, мәселені одан әрі жұмыс істеу жоспарын анықтау. Сонымен қатар, ата-аналарға баламен қарым-қатынас ерекшеліктері мен қиындықтарды жеңу жолдары туралы кеңестер берілді. Кейбір жағдайларда қайталанған консультациялар жеке қабылдаумен шектеліп қоймай, жүйелі сипатта болды, бұл жағдайда әңгімелесу кезінде баламен жұмыс істеу динамикасы талқыланды және ұсынымдар анықталды.

Негізгі контингент жасөспірімдердің балалары болып табылатындығына байланысты көптеген сұраулар жеке тұлғааралық қарым-қатынас проблемаларына байланысты. Жалпы алғанда, барлық өтініштерді бөлуге болады:

1. Құрбыларымен қарым-қатынаста қиындықтар
2. Эмоционалдық және мінез-құлық қиындықтары (агрессиялық, алаңдаушылық, демонстрациялық және т.б.)
3. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастардағы мәселелер
4. Кәсіби өзін-өзі анықтауда қиындықтар
5. Топтық диагностиканың нәтижелері бойынша кеңес беру.

Қорытынды. Тұтастай алғанда, жүргізілген консультативтік жұмыс тиімдірек болып, консультациялық қызметтің барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік береді деп санауға болады. Осыған байланысты болашақта жағдайды талдау және анықтау қажет. Сондай-ақ, ата-аналардан кеңес алу үшін сұраныстардың төмен болуына назар аудару қажет. Келесі жылы ата-аналармен қарым-қатынасымызды күшейтуіміз керек.

**Психологиялық ағарту бағыты.** Ата –аналар жиналысы: «Бейімделу кезіндегі 5- ші сыныптағы қиындықтар», Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары және оны жүзеге асыру формасы, дәрістер оқылса, «Ата – ананың бала тәрбиесіндегі рөлі» тренинг, ЕБҚЕБдың ата аналарына «Ерекше бала, болашақ дана» семинар практикум, отбасындағы және балалар арасындағы зорлық зомбылықты алдын алу мақсатындағы «Мен жақсы ата анамын» атты семинар тренинг, «Оқушылар мен ата – аналарға көрсетілген психологиялық педагогикалық қолдау» *(жартыжылдық есеп)*, «Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша ата-аналарға ұсыныстар» жадынама, «Бақыт туралы әңгіме...» психологиялық семинар тренинг өткізілген болатын. «Емтиханға дайындық және оны тапсыру кезінде эмоционалдық күйзелісті қалай жеңілдетуге болады?» 9, 11 сыныптың ата аналарына дәріс оқылып, кеңестер берілді.
Директор жанындағы отырыстар мен пед кеңестерде суицидттің алдын алуда 1,5,10 –ші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде есебі бойынша, Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу, «Жасөспірімдер арасындағы буллинг пен зорлық зомбылықты алдын алу» тақырыптарында дәрістер оқылып, кеңестер берілді.

Сканировано с CamScanner

**Түзету және дамыту бағыты**

Түзеу-дамыту жұмыстарының негізгі тақырыбы:

• эмоционалды жағдайды түзету
• стресстік жағдайлармен жұмыс істеу
• агрессиямен жұмыс істеу
• коммуникативтік дағдыларды дамыту

1, 5 сынып оқушыларына бейімделуге байланысты «Алақай мен 5 сыныпта оқимын», «Достық», «Менің көңіл күйім» атты тренингтер өткізілді. 9,11 сынып оқушыларына емтиханға қолдау көрсету мақсатында «Мен және менің ортам», «Менің жарқын болашағым», «Сенімділік жетістікке жетелейді», «Қобалжу мен күресу амалдары», «Емтихан үстіндегі сенімділік», «Оқушылардың мазасыздану деңгейлерін қалыпқа келтіру», «Сенімділік жетістікке жетелейді» «Емтихан тапсыру кезінде өзін қалай ұстау керек» жадынамасы , «Сенімділік жетістікке жетелейді» т.б. барар алдында өзін-өзі ұстау, қобалжуды қалыпқа келтіру жаттығулары жүргізілді.

Жыл басында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен педконсилиум оздырылып ерекше білім беру қажеттелігі бар оқушылар толық анықталып оларға жеке түзету дамыту жоспарлар құрылып бекітілді. Жұмыстану барысында жеке және топтық коррекциялық сабақтар жүргізілді, сабақ барысында нейрогимнастикалық жаттығулар, арттерапияның элементтері қолданылып қызықты тренингтер жыл бойына өткізілді.

Наурыз айында ҚПДПК жоспарына сәйкес мектебіміздің ерекше білімді қажет ететін оқушылары тексерістен өткізіліп келесі жаңа оқу жылына ПМПК қорытындысы алынды.

Үш күнге жоспарланған тексеріске 50 оқушыны қамтамасыз етілді. Кестеге сай барлық оқушылар қамтылды.

Қорытынды. Оқушылармен өткізілген топтық дамыту жұмыстары өте табысты деп санауға болады. Сонымен қатар, ол білім, бағдарламалар құрылымы мен әдіснамалық жабдықтардағы кейбір кемшіліктерді анықтады, осылайша даму іс-шараларын одан әрі жетілдіруге арналған негізгі бағыттарды анықтады. Нәтижесінде топтық жұмысқа қатысуға ынталандыру, қиындықтарды және олардың себептерін талдау, түзету және дамыту жұмыстарын толықтыру қажет.

**Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты. Әдістемелік жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

1. Даму, түзету және білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Биылғы оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелері: а) жазу бағдарламаларына арналған материалдарды іріктеу, талдау және жүйелеу; б) топтық және жеке түзеу және дамыту жұмыстарын бағдарламалау; в) оқушыларға сабақ сағаттарын әзірлеу; г) ата-аналар жиналыстарда сөз сөйлеу бағдарламаларын әзірлеу және жазу; е) диагностикалық әдістердің деректер базасын құру.
2. Диагностикалық нәтижелерді өңдеу және талдау, оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға ұсыныстар дайындау.
3. Балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдебиеттерді талдау.
4. Мұғалім-психологтың құжаттамасын рәсімдеу.

Қалалық білім беру бөлімі ұйымдастырған қалалық «Шексіз әлем»тақырыбындағы қашықтық байқауында «Туған жер асыл қазынам» сурет бағыты бойынша 6 сынып оқушысы Никитин Кирилл қатыстырылып алғыс хатпен марапатталды, жетекшісі Ахметкалиева Г.С.

Сканировано с CamScanner

Қалалық «Жұлдызай» тақырыбындағы қашықтық фестиваль байқауында «Хореография» бағытында 4 ә сынып оқушысы Сейфолла Айару II орын алған болатын, жетекшісі Курмангалиева С.С.

Ұйымдастыру-әдістемелік жоспар бойынша Ахметкалиева Г.С. «Стигматизация немесе қорлау теориясы және оның педагогикалық әдеп принциптерімен өзара байланысы» тақырып бойынша өткен тренингіне қатысып сертификат алды және «Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің 18.01.2016 ж №95 бұйрығына сәйкес Білікті Арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы ұйымдастыруымен біліктілікті арттыру курсында «Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық педагогикалық қолдау көрсету» тақырыбында біліктілігін көтерді. Ахметкалиева Г.С Сертификат №216267, Курмангалиева С.С № 215649, 15.11.2024ж.

Қалалық деңгейде өткізілген «Lesson Study» тәсілі арқылы педагогтардың кәсіби өсуіне ықпал ету, инновациялық жаңашылдықты практикаға енгізуге бағыттай отырып, білім сапасын арттыруға және оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін жетілдіруде педагогтерге бірлесе саралауға мүмкіндік беру және оқу үдерісін жақсарту мақсатында мектеп директорларына өткізілген семинарда Ахметкалиева Г.С «Көңіл күй әлемі» жаттығуын өткізді. Республикалық оқушыларға арналған олимпиада (Абай олимпиадасы) да Ахметкалиева Г.С қатысушылармен екі күн тренингтер өткізді. Наурыз айында Ахметкалиева Г.С пен Курмангалиева С.С қалалық психологтарға «Өзіңді басқара білу жетістік кепілі » тақырыбында семинар тренинг өткізген болатын.

Іс-тәжірибе бөлісу бағытында «Үздік ұстаз» республикалық ғылыми әдістемілік журналына «Психолог в школе : зачем он нужен и чем занимается» Ахметкалиева Г.С, «Жеке тұлғаны тәрбиелеу барысындағы психологтың атқаратын қызметтері» Курмангалиева С.С 2024 жылдың желтоқсанында жарияласа, халықаралық ғылыми әдістемелік «Modern Teacher» журналына «Современные психолого – педагогические технологии в деятельности педагога психолога» Ахметкалиева Г.С, «Психикалық дамуы тежелген балаларға сипаттама» Курмангалиева С.С, «Ақниет» республикалық ғылыми әдістемелік журналында, «Психологическая диагностика и тестирование в школе» Ахметкалиева Г.С, «Мектеп психологының құзыреттілігін арттырудың қазіргі тәсілдері мен әдістері» Курмангалиева С.С мақалалар жариялады.

**Қорытынды.** 2024-2025 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Негізінен қиындықтар ата-аналармен жұмыс барысында туындады. Себебі, өзіндік көзқарасымен, жеке ойлауымен табандылық көрсететін ересек тұлғалардың қандай да бір мәселеге көзін жеткізу қиын болып келеді. Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді. Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды: 1.Оқу жылының жұмыс жоспарын өзіндік жетілдіру; 2.Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін бес бағыт бойынша жұмыс мазмұнын толықтыру; 3.Өзіндік білімін жетілдіру деңгейін жоғарлату; 4.Психолог кабинетін толық жабдықтау; 5.Өз тәжірибесімен бөлісу, басылымдарда жариялау. Іс-тәжірибе тарату.

**Ұсыныстар.**

1. Сынып жетекшілерге – ұйымшыл, достық қарым-қатнасты нығайтуға бағытталған сынып сағаттарын, ата-аналармен біріккен іс-шаралар сағатын көбейту.
2. 5-8 сыныптармен әрекеттесетін пән мұғалімдеріне – оқушымен олардың сынып жетекшілерімен, ата-аналарымен жұмыстарын келісіп жүргізу. Сонымен қатар баламен әрекеттесу барысында оның жасерекшелігін ескеру.
3. Ата-аналарға– өз балаларын тәрбиелеуде олардың мектеп өміріндегі, оқуындағы жетістіктеріне жоғары қызығушылық таныту.

Сканировано с CamScanner

**2025-2026 жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер:**

1.Білім беру үрдісіне қатысушылардың психологиялық құзыреттілік деңгейін көтеру, ата-аналарды жұмылдыру арқылы жағымды және психикалық қолайлы әлеуметтік орта құру;

2. Қиын жағдайға тап болған балаларды, оқуда үлгерімі төмен оқушыларды, тәртібі қиын балаларды анықтап, түзету – дамыту жұмыстарын жүргізу;

3.Педагог-психологтың әдістемелік базасын толықтыру;

4.Қосымша сауалнамалар мен тесттерді өткізуде оңтайлы әдістерді, заман ағымына қарай цифрлық технологияларды қолдану;

5.Ата-аналар мен сынып жетекшілерге семинарлар мен ұсыныстар дайындау, бала тәрбиелеуде психологиялық ағарту жұмыстарын күшейту;

6.Сынып жетекшілермен байланысты арттыру.

7.Педагогтарға оқушылармен жұмыс жасауда психологиялық кеңес беру. Жас мамандармен жұмысты күшейту.

8. Құжаттармен жұмыс. Психологиялық қызмет бойынша қалалық семинарларға қатыса отырып, өз білімдерімізді жетістіріп, іс тәжірибилерімен бөлісу. Шығармашылық бағытта жұмыстану, іс тәжірибе тарату мақсатында газет журналдарға мақалаларын жариялау.

Жоспар бойынша әрі қарай өзіндік жұмыстарды жетілдіру.

***Педагог-психологтар:*** ***Ахметкалиева Г.С.***
***Курмангалиева С.С***

Сканировано с CamScanner